

13. Шпырня Олег Валентинович Обзор развития Европейского рынка интенсив туризма // Научный вестник ЮИМ. 2020. №1 [Электронный ресурс]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/obzor-razvitiya-evropeyskogo-rynka-intensiv-turizma> (дата обращения: 18.02.2021).

14. World Tourism Organization (UNWTO) [Электронный ресурс]. URL: <https://www.unwto.org/about-us> (дата обращения: 18.02.2021).

Научный руководитель: Хамадеева З.А. канд.геогр. наук, доцент

ӘОЖ 339.1

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Семинар Еркегул.¹, Ташеменов К.Н.²

¹Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, география және туризм кафедрасының оқытушысы, магистр

²Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, студент

Аннотация. Ақтөбе облысының экологиялық мәселелері, оның қалыптасу жағдайлары, қоршаған ортаға әсері және шешу жолдары. Әлеуметтік-экономикалық маңызы.

Кілт сөздер. Өндіріс. Жер асты суы. Алты валентті хром. Полигон. Тазартқыш-сүзгілер. Қоқыс өңдеу технологиялары. Кен орны. АҚ.

Қазақстан ТМД елдері территориясы бойынша 2 орындағы, ал Орталық Азия аймағы бойынша ең алып мемлекет болып табылады. Соған сәйкес еліміздің кең байтақ аумағында барлық дерлік минералды байлық түрлері кездеседі. Бұл минералды қазбалардың экономикалық тұрғыда пайдасы орасан зор болғанымен, экологиялық тұрғыда айтарлық мәселерді туындатып отырғаны бәрімізге мәлім.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бері, инвестициялардан 18 млрд АҚШ доллары шамасында алады. Осындай экономикалық зерттеу орталықтың мәліметтері бойынша ҚР мұнай өндіру бойынша әлемде 16-шы орын алады. Қазақстанның үлесіне проценттік көрсеткіш бойынша әлемде өндірілетін мұнай өнімі 2% болып келеді. Зерттелген көлем бойынша көмірсутек 3,3 пайыз әлемдік қорды құрайды. Ел территориясында мұнай-газы бар аудандар 62% шаршы ауданды алады. Мұнай секторының елімізде 90% қосымшасы ең ірі 15 жерде шоғырландырылған. Нақтытырық айтсақ, Қашаған, Солтүстік Бозашы, Орталық және Шығыс Бозашы, Жаңажол, Жетібай, Қаламқас, Кеңқияқ, Қаражанбас, Құмкөл, Кенбай, Хан, Теңіз, Қарашығанақ, Өзен. Кен орындарының көбісі Қазақстанның облыстарының алтауында орналасқан. Олар – Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Маңғыстау облысы. Көмірсутектердің жалпы алғанда 70% қосымшасы бұл ретте Қазақстанның батысында орналасқан.

Қазіргі таңда 300-дей үкіметтік емес ұйымдар еліміздің территориясындағы қоршаған ортаны қорғау және ел тұрғындарының денсаулығын сақтау проблемаларымен жұмыстанып жүр. Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау бағытындағы бұй ұйымдардың денсаулық сақтау бойынша жүргізген үгіт-насихаттары қоғамда үлкен маңызды әрі шешуші рөл атқаратыны сөзсіз.

Соңғы жылдардағы Қазақстандағы өндірістің төмендеуіне және ірі өнеркәсіп орындарының қалдықтары көлемінің азаю мөлшеріне қарамастан бұл проблема өзекті болып отыр. Осы өнеркәсіптердің әсерінен ауаның ластануы, топырақтың ластануы және бұдан бөлек шөлейт жерлер көлемінің ұлғаюы, радиоактивті ластану Қазақстан үшін аса қауіпті экологиялық проблемаларға айналып отыр.

Қазақстан аумағындағы барлық облыстардың өзіне тән тарихи және географиялық факторлар барысында пайда болған проблемалары бар. Мысалы айтатын болсақ, Атырау облысындағы – ауаның ластануы, Шығыс Қазақстан облысындағы – Семей полигонының зардаптары, Алматыдағы – ауаның тұмандануы, Қызылордадағы Арал мәселесі, Ақтөбе облысындағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың ауаны ластауы және т.б.

Ақтөбе облысы территориясының ауа алабы ластануда. Өндірістен бөлінген зиянды қалдықтар Ақтөбе облысы халқының денсаулығына айтарлықтай өзіндік кері әсерін тигізуде. Себебі мұнай-газ өндіретін өндіріс орындары ҚР экологиялық кодекстінде көрсетілген талаптарды сақтап отырған жоқ. Мысалы айтатын болсақ Ақтөбеде орналасқан Ақтөбе ферроқорытпа зауыты. Қажетті сүзгілердің болмауы зауыттың алты валентті хромның атмосфераға шығарылуына әкеледі, ол біз білетіндей ауаны ластайды.

Ақтөбеде автомобильдерден бөлінетін зиянды заттар мөлшерінің күрт артуы жергілікті сонымен қатар республикалық эколог мамандарды аландатуда. Олардың зерттеу бойынша тек қана облыс орталығы Ақтөбе қаласында тіркелген автокөліктер саны алдыңғы жылы 60 мың данадан асып түсті. Ал ендігі олардан шығатын зияды заттар көлемі 58 мың тоннаға дейін жетіп отыр.


Ақтөбе облысындағы таға бір үлкен мәселелердің бірі – Елек өзенінің экологиялық проблемасы. Електің суы негізінен бор және хроммен ластанды. Бұл жағдайдың өзі ыңғайсыз экологиялық ахуал қалыптастырмай қоймайды. Елек өзенінің Қазақстандағы трансшекаралық өзендер қатарына кіретіні белгілі. Мұндай кезде өзенді қорғау мәселелері мемлекеттердің арасындағы ортақ мәселе болып табылады. Өзен суының бормен бүлінуі белгілері бұрынғы Ақтөбе химия зауытының зиянды қалдықтарының әсерінен орын ала бастапты. Мәліметтер осы зауыттың 1960 жылдардың орта шеніне дейін Елекке ластанған өнеркәсіп қалдықтарын төгіп келгенін дәлелдеп отыр.

Сонымен бірге Електің жер асты суының алты валентті хроммен ластануы тағы бар. Ақтөбе хром қосындылары зауытының жұмыс жасап бастауы бұл жағдайды қиындатып жібергені де белгілі. Сол кезеңде зиянды белгілері бар бұл химиялық элемент пен техникалық ерітінділердің суға келіп түсу көріністері көріне бастаған. Оған шлам тоғандарының сол кездегі қорғаныш заттарынсыз салынуы өзінің әсерін тигізген.

Мұндай мәселелер өткен күннің кесірі болса, бүгінгі күннің бедері қандай деген сұраққа жауап іздеп көрсек. Жауап ретінде «Қазгидромет» РМК қарастырған гидрогеологиялық бақылау қорытындысына мән бергеніміз дұрыс. Сонымен қатар жоғарыда аталған мекеменің сынақ зертханасы да Елек өзеніне ай сайын өзінің бақылау орнатқан. «Қазгидромет» РМК жүргізген мониторингтер 2012-2016 жж. Аралығында Електегі негізгі ластаушы дүниелердің мөлшері біртіндеп азайып келе жатқанын көрсетіп отыр.

Аймақтың тағы бір көкейтесті мәселесі қоқысты жағу болып отыр, себебі облыста қалдықтарды өңдейтін кәсіпорындар жоқ. Ақтөбенің ауасы күкіртсутегінің әсерінен де бұзылып жатыр. Ауадағы улы газдың концентрациясы белгіленген мөлшерден 20 есеге артты. Ластанған ауаның салдарынан қалада аллергиямен және астматика ауруымен ауыратындар саны артты. Ақтөбе еліміздің ең лас қалаларының төрттігінде орналасып отыр. Ақтөбеліктерге уланған ауамен дем алып қана қоймай, Елек өзенінде жүзу балық аулауда қауіпті болып отыр.

Ақтөбенің ауаға (күкіртті сутек) жүргізілген мониторингінің қорытындысы бойынша барлығы 807, оның ішінде анықталғаны 531, ШРЕК –тен жоғарысы 168, басқа шағын аудандарымен салыстырғанда қаланың басты көшелері Әбілхайыр хан, Тұрар Рысқұлов, Чернышевский және орталық саябақта ШРЕК-тен жоғары болған.



Сурет 1. Қазақстан қалаларының ауа ластану көрсеткіші, 2019 ж

Ақтөбе облысындағы ауаны ластаушы көздер облыс орталығы Ақтөбе қаласында және Темір, Мұғалжар, Хромтау аудандарында өнім шығаратын кен орындары және энергетикалық өнеркәсіп орындары болып табылады.

Облыс орталығындағы ауаны ластаушы көздер «Ақтөбе хром қосындылар зауыты» АҚ, «Ақтөбе феррокорытпа зауыты» АҚ, «Ақтөбе жылу электр орталығы» АҚ сынды орындар болып табылады. «Ақтөбе жылу электр орталығы» АҚ газ және сұйық отынды тұтынады, соның себебінен ауаға 70 % азот қышқылы таралады. Ал Ақтөбе феррокорытпа зауыты ауаны қатты заттармен ластайды.

Шалқар және Ырғыз аудандары Қызылорда облысындағы Арал экологиялық аймағына жақын орналасқан. Сонымен бірге ауыз су тапшылығы облыстағы елді мекендерде кездесіп отырады. Ауыз су құрамындағы тұздылық, нитраттың, т.б. химиялық элементтердің артуы Ақтөбе облысы халқының денсаулығына зиянды әсерін тигізіп жатыр.

Ауаның ластануы, әсіресе Ақтөбе қаласында және ірі өндіріс орталықтары орталықтары орналасқан Алға, Хромтау, Қандыағаш және Ембі қалаларында көрінеді. Аталған аймақтардағы ластанған атмосфералық ауа жақын орналасқан Батыс Қазақстан облысы мен Атырау облыстарына, сонымен қатар РФ Орынбор облысына тарайды.

Ақтөбе ауасын ластайтын зиянды заттардың 49% ақтөбе феррокорытпа зауыты шығарса, 25% Ақтөбе хром қосындылары зауыты шығарып жүр. Мұндағы мекемелерде атмосфераны ластауды азайтатын құралдардың көп бөлігі жұмыс жасап тұрған жоқ.

Қазіргі таңда Ақтөбе облысы бойынша ауаны ластайтын 172 өндіріс кәсіпорны жұмыс жасайды. Бұл қатарға Жаңажол мұнай-газ өндіретін кен орнын да кіргізуге болады. Шаң тазалайтын, өндірістен шыққан қалдықтарының дұрыс жұмыс істемеу себебінен немесе дұрыс жұмыс жасамауынан бұл аймақтағы шаң-тозаңның орташа көрсеткіші белгіленген мөлшерден 4 есе, азот 2 есе, күкіртті ангидрид болса шамамен 0,2 есе көбейіп жатыр.

Ақтөбе облысының табиғи ресурстар мен табиғатты пайдалануды реттеу департаментінің басшысы Нұржан Аққұлдың айтуынша Ақтөбедегі Көкжиде деп аталатын алқапта мұнай мен тұщудың мол қоры кездеседі. Көлемі 43 мың га болатын жерде «Ада Ойл», «КМК Мұнай» ЖШС-і мен «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-ы мұнай өндірісімен айналысып жүр. Тұщы судың құрамын бір жылда 4 рет тексеріліп отыр. Бірақ та бұл мұнай компаниялары ауыз суды толықтай қорғаудың жаңа технологиясын мүлдем қолданбай отыр. Мониторинг жүргізілген уақыттарда сол су құрамынан мұнайдың, ауыр металдардың және т.б. ластаушы заттардың мөлшері анықталып отыр.

Ақтөбе облысындағы атмосфералық ауаны бүлдіріп отырған 4 ірі компания бар. Бұлар мұнай-газ, металлургиядағы ірі өндіріс орындары болып табылады. Мысалға

келтіретін болсақ, «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «ҚазақОйл» ЖШС, «Қазхром» ТҰК» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның облыстық бөлімі 1 жылда 169 мың т қалдықты облыстың атмосфералық ауасына шығарған. Бұл қалдықтардың көп бөлігі мұнай-газ компанияларына тиісті. Ауаға шығарылған химиялық элементтер арасында азаматтар денсаулығына өте қауіпті формальдегид, бензипирен, хром, күкіртті сутек бар.

Ақтөбе қаласының ластануына тұрғын үй құрылысы да әсер етеді, бұл аула аумақтарының тығыздалуына әкеліп соғады, осыған байланысты контейнерлік алаңдар жойылады, ал жаңа алаңдар құрылыс кезінде дұрыс жоспарланбайды. Қалада халықтың қоқыстық қалдықтарының пайда болуына әкелетін ірі габаритті тұрмыстық және шаруашылық қалдықтарды өңдейтін қосымша полигондардың болмауына әкеледі. Құрылыс көлемі үнемі артып келеді қаланың аулалары мен көшелерінде де қоқыс жиналып жатыр.

Қорыта айтатын болсақ, Қазақстанның экономикалық дамуы, экономикалық өркендеудің жаңа сатысына көтерілуде. Елімізде стратегиялық бағдарламалардың арқасында дамушы елдердің қатарынан орын алып отыр. Бұндай даму, өз кемшіліктерін де көрсетіп жатыр. Табиғаттың ластану деңгейінің жоғарылығы сонша, таяу арадағы аумақтағы экологиялық жағдайды қиындататын көптеген жайттардың қайтымсыз болуына қауіп төніп жатыр. Дамыған адамзаттық қоғам пайда болғалы бері адами фактордың қоршаған орта тіршілігіне араласуы аяқ астынан күшейіп, көлемі жағынан өсіп жатыр, олар әр түрлі болды және қазір адам баласы үшін әлемдік деңгейде үлкен қауіп ретінде төніп тұр.

Экологиялық апаттың алдын алуға бағытталған шараларды жүзеге асыру қоршаған ортаны тиімді пайдалану процесіне жаңаша ойлауды талап ететіні сөзсіз. Дамыған елдердің ХХ ғасырдың екінші ширегінен бастап ресурс байлықтарын сақтаушы технологияларға өту шикізат құнының артуына және экологиялық талаптардың ел аумақтарында күшеюіне әкеліп отыр. Көптеген зерттеуші-ғалымдар дамушы мемлекеттердің жағдайында «батыстық үлгіні» дәл сол күйінде қолдану мүмкін еместігін дәлелдеп отыр. Дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің әр қилы болуымен және жергілікті халықтың өзіне тәне айырмашылықтарымен түсіндіріледі. Сол себепті бұл елдердің өзіндік экологиялық саясатының балама жолдарын қолдануы сөзсіз. Осындай балама жолдарды қарастыра келе біз Ақтөбе облысы аумағында экологиялық жағдайды өзгерту үшін 4 негізгі шараны ұсынамыз.

Ақтөбе облысындағы экологиялық жағдайды жақсарту үшін келесі мына шараларды қабылдау қажет:

1. Өнеркәсіптік кәсіпорындарда тазарту қондырғылары орнатылуы керек. Мұнай-газ кәсіпорындарында ілеспе газ жойылуы тиіс.

2. Ағынды суларды өңдеуге арналған тазарту қондырғыларын салу.

3. Бензиннің сапасын жақсарту, Еуро-5 стандартына көшу.

4. Қоқыс өңдеу зауыттарын салу.

5. Экологиялық кодексте көрсетілген нормаларды бұзған өндіріс орындарына белгіленген ең үлкен айыппұл салу, сонымен қатар жаңа технологияларды міндетті түрде қондыру.

Ақтөбе облысы жер бетінің ластануын болдырмау үшін топырақтың өнеркәсіптік және тұрмыстық сарқынды сулармен, қатты тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтармен бітелуіне жол бермеу қажет. Елді мекендердің топырағы мен аумағын санитарлық тазарту қажет, мұндай бұзушылықтар анықталған жерде ең қажетті шараларды қабылдау қажет деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кургамбеков, Р.А. Экологические проблемы Актюбинской области/Р.А. Кургамбеков //Промышленная экология. - 2014.